

1. Алимбеков С. Ш. Религиозный фактор и его влияние на боевую готовность воинских частей Национальной гвардии Республики Казахстан // Инновации в образовании. – 2017. – № 5. – С. 119–123.
2. Асадуллин Р. М., Фролов О. В. Человек как концепт современной педагогической мысли // Педагогика. – 2017. – № 7. – С. 28–36.
3. Зубок Ю. А. Проблемы социального развития молодежи в условиях риска // Социологические исследования. – 2003. – № 4. – С. 42–51.
4. Каланова Ш. М., Бишимбаев В. К. Тотальный менеджмент качества в высшем образовании. – Астана: Фолиант, 2006. – 476 с.
5. Кузьминов Я. И., Песков Д. Н. Какое будущее ждет университеты. Дискуссия. – М.: НИУ ВШЭ, 14.07.2017 // Вопросы образования. – 2017. – № 3. – С. 202–233.
6. Мамардашвили М. К. Как я понимаю философию. – М.: Прогресс-Культура, 1992. – 368 с.
7. Назарбаев Н. А. Казахстан на пути к обществу знаний. Лекция в NAZARBAYEV UNIVERSITY 5 сентября 2012 г. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=Iv92-L5uvq4> (дата обращения 11.12.2017).
8. Назарбаев Н. А. Казахстанский путь. – Караганда, 2006. – 372 с.
9. Федорова С. Н. Этнокультурные технологии в современном образовательном процессе // Образовательные технологии и общество. – 2016. – Т. 19, № 3. – С. 637–646.
10. Gordon W., Shonin E., Zangeneh M., Griffiths M. Work-related mental health and job performance: Can mindfulness help? // Int Ment Health Addiction. – 2014. – Vol. 12. – P. 129–137

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются педагогические условия и педагогическая поддержка формирования социального успеха курсанта военного вуза, способствующая становлению человека в единстве его проявлений как личности, субъекта и личности будущего офицера. В данной работе автором определены педагогические условия при подготовке офицерских кадров. Вместе с тем, главными ценностями будущих молодых офицеров, наряду с нравственной политической, боевой, психологической подготовкой, предлагается развитие познавательных, личностных и воспитательных качеств.

ӘОЖ: 37.043:159.9

Білім алушы: Құрбанова А. А., студент

Ғылыми жетекші: Джакупова А.Г., жетекшісі

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

СТУДЕНТТІК ОРТАНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ӨЗГЕРУДЕГІ РӨЛІ

АННОТАЦИЯ

Мақаланың басты бағыты - әлеуметтік психология. Мақала адамның бір әлеуметтік ортадан (мектеп) екінші әлеуметтік ортаға(университет) ауысқанда, қандай тұлғалық өзгерістерді өтетінін зерттейді. Тұлға студенттік ортада бейімделуімен қатар керек қасиеттерді бойына түзуін, әлеуметтік салыстыру арқылы оның өзіне көзқарасы мен өзін-өзі бағалау үрдісін талдайды.

Түйін сөздер: *әлеуметтік психология, студенттік орта, мінез-құлық, тұлға, өзбеттілік, конформизм, жеке көзқарас, топтық көзқарас.*

Кіріспе. Әлеуметтік психология – бұл адам өміріне түрлі жағдайлардың әсерін зерттейтін, адамдардың бір-біріне ықпалына ерекше назар аударатын ғылым. Нақтырақ айтқанда, бұл – адамдардың қалай қарым-қатынас тұрғызатындығы, бір-бірі жайлы ойын зерттейтін ғылым [1.225 бет]. Әлеуметтік психология – психология мен әлеуметтануды ұштастыра дамып отыр. Оның қоғамдағы адамдарды зерттейтін әлеуметтанудан ерекшелігі – әлеуметтік психология, негізінен, жеке адамның болмысын зерттейді және онда эксперимент жиі қолданылады [2.30 бет].

Мақала адамның мектептен студенттік ортаға өткен кездегі тұлға ретінде ары қарай қалай дамитындығы және оған оның қаншалықты әсер ететінін анықтайды. Студенттік жас — бұл жеке көзқарастар мен қарым-қатынасты қалыптастыру жасы [3.250 бет]. Бұл кезең студенттің өз бетімен шешім қабылдау қабілетін айқындайды. Бұл кезеңде студент әртүрлі тұлғалармен қарым-қатынас жасауды үйренумен қатар, ол өзінің және өзінің айналасындағы құрдастарының моральдық келбетіне жоғары талап қоя бастайды. Жоғары мектеп жасынан студенттік жасқа өту адамның өмірлік көзқарастарының өзгеруіне алып келеді. Және осы шақта тұлға ересек өмірге қадам басып, өзбеттілікке үйрене бастайды [4.2133 бет]. [4.322 бет]. Соның ішінде жатақханада өз бетімен өмір сүріп үйрену, ақшаны ақылмен жұмсай білу, өз уақытын тиімді пайдалануды практикалық түрде іске асыра бастайды. Жаңа ортаға ену арқылы тұлға сонымен қатар өзінің мінезінің жаңа қырларын таниды, әртүрлі тұлғалармен араласу арқылы эмоционалдық интеллектін машықтандырады [11.311 бет]. Эмоциялық интеллект - эмоцияны, білдіру, ойлауды жеңілдете түсуге пайдалану, эмоцияны түсініп, дұрыс пайымдай білу, сондай-ақ өз бойында және басқалармен қарым-қатынаста тиімді басқара білу қабілеті [12.554 бет]. Студенттік ортада адамның қажеттілігі мен қызығушылықтары да біршама өзгерістерге ұшырайды. Оған себеп тұлға басқа әлеуметтік топқа тап болғанда, оның әсерінен кейбір нәрселерге көзқарасы өзгеруі мүмкін. Соның ішінде ол өзіндік “менге” басқа қырынан қарай бастайды [5.255 бет]. Студенттік кезең – ғылымда 1960 жылдары Б. Г. Ананьевтің басшылығымен ересек адамдардың психофизиологиялық қызметін зерттеуінде қарастырылады. Студенттік жас ересек ретінде қалыптасуға сейкес келеді, алайда толық ересек емес, сондықтан бұл кезең кеш жастық ретінде анықталады [6.80 бет].

Және де осы кезеңдегі студенттік ортаның тұлғаға әсерін зерттеу үшін, автор екі әдісті қолданады: сауалнама және әңгімелесу.

Зерттеу. Сауалнама екі топ арасында жүргізілді: 1-курс тобы мен 2-курс тобы. 1-курс тобы 20 адамнан: 8 әйел адам, 12 ер адамнан тұрады. 2-курс тобы: 19 ер адам, 5 әйел адамнан тұрады. 1-топтың 45%-ы университетке келгенде белсенділер қатарына қосылған, сонымен қатар атап өтетін жайт, олардың 35%-ы бұрын соңды ондай іспен айналыспағанын атап өтті. Яғни сауалнама барысында мектептен студенттік ортаға ауысқанда, тұлғалардың өздерін белсенді ұстай бастағаны көрінеді. 50%-ы кейбір нәрселерге көзқарасы өзгергенін, 65%-ы киім стилі өзгергенін, 60%-ы сыртқы бет-келбетіне әдеттегіден көбірек мән беретіндігін, ал 35%-ы өзін-өзі бағалауы өскенін көрсетсе, 20%-ы керісінше өзін-өзі бағалауы түсіп кеткенін, ал қалғаны өзгемегенін белгілеген.

2-курс тобының нәтижесі бойынша, студенттердің тек 5%-ы белсенділер қатарында, 70%-ы кейбір нәрселерге басқаша қарай бастағанын, 60%-ы киім стилінің өзгергенін, ал 40%-ы сырт келбетіне мән беретінін, 35%-ы өзін-өзі бағалауы өскенін, ал қалғаны өзін-өзі бағалауы өзгермегенін белгілеген. Сауалнама нәтижесін айқындау үшін әр топтан бір студентпен сұхбаттасу жүргізілді. 1-курс студенті:

“Өзгерістер? Ең алдымен киім стилім өзгерді, сонымен қатар өзімді ұстамды және жауапкершілікті ұстай бастадым. Қасымдағы студент құрбыларым белсенділер қатарына қосылғандықтан, мен де белсенді болдым. Университетке келгенде жаңа нәрсе байқап көргім келді...”

Сұхбаттасудан байқайтын нәрсе, студент айналысындағы құрдастарына қарап, сырт бейнесіне көбірек мән бере бастаған. Және сұхбаттан студенттің белсенді болу шешіміне

қасындағы құрбылары әсер еткені көрінеді. Алайда студент келесі сөзімен шешімді өзі қабылдағынын көрсеткісі келеді. Осыдан студенттік ортаның тұлғаның талғамдарының өзгеруіне және кейбір шешімдеріне әсер ететіні байқалады.

2-курс студенті:

“1-курста сәнді киінуге, сабақты қалдырмауға тырысатынымын. Алғашында белсенділер қатарында болдым, 1-семестрден кейін шығып кеттім. Шынымды айтсам 1-курста шәкіртақыдан айырылып қалудан қатты қорқатынымын. Топтағы басқа студенттерге қарағанда үлгермей жүргендей, олардан қалып бара жатқандай сезінетінмін. Бірақ сосын, алғашқы рейтинг шыққанда бос мазаланғанымды түсіндім. Ал қазір өзімді алдыңғы жылға қарағанда еркін, сабырлы ұстаймын. Алдыңғы жылдағыдай күйгелектенбеймін...”

Сұхбаттасу студенттің 1-курста өз-өзіне сенімсіз қарағанын, студенттік ортаға басқаларға қарағанда баяу бейімделгенін көрсетеді. Басында өз-өзін басқалармен сыртқы параметрлер бойынша салыстырған. Осындай ықтимал себеппен бойында сенімсіздік пайда болған. Алайда 2-курсқа келгенде тұлғаның мінез-құлқында бірқатар өзгерістер пайда болған. Егер тұлғаның жеке қасиеттерін есепке алынбағанда, студенттік ортаның оған баяу, бірақ нақты әсері көрінеді. Тұлғада 1-курста адаптация кезеңі жүрген, бұл кезеңнің жылдам өтуін өзінің мінез-құлқындағы тұйықтық пен өз-өзіне сенімсіздігі тежеген. Алайда уақыт өте келе мінезі тұрақталып, бос қобалжу мен уайымын жеңіп, өзін байыпты ұстай бастаған.

“Өзіңізді жайсыз сезінген кездер болды ма?” деген сұраққа 1-курс студентінің жауабы:

“Мен, негізі, бос уақытымда корей сериалдарын көргенді жақсы көрем. Басында тобымда бір рет сол туралы әңгіме қозғап қалғанда, ешкімге ондай сериалдар ұнамайтынын түсіндім. Тобымдағылардың көбісі американдық сериалдар қарайды екен. Корей сериалдарын көретініме жоғарыдан қарағандай көрінді. Неге екенін білмеймін сол кезде өзімді жайсыз сезініп қалдым...”

Сұхбаттасу студенттің тобындағы студенттермен арақатынас тұрғызу үшін ортақ қызығушылықтар іздегенін көрсетеді. Алайда ортақ қызығушылықтар таппаған соң, және де өз пікірі бойынша оның хоббиі басқаларға ұнамайтындай көрінген соң, өзін жайсыз сезінген.

Ал 2-курс студенті бұл сұраққа:

“Тобымның арасында өзімді жайсыз сезінген емеспін, ондай жағдайлар болса да қазір есімде жоқ. Егер студенттік ортаға мұғалімдер кіретін болса, онда бір жағдаят айтып бере аламын. Бұл алдыңғы семестр болған жайт. Маған философиядан беретін мұғалім қатты ұнайтын. Бір күні оның сабағына ұйқтап қалдым. Келесі сабақта ауырып қалдым деп өтірік ақталғым келіп еді, мұғалім жалған сөзден ұстап алды. Мұғалім маған көңілі қалғандай қарады, бірақ ұрысқан жоқ. Қатты ұялғаным соншама жерге кіріп кете жаздадым. Содан кейін мұндай жағдайды болдырмауға тырысатын болдым...”

Бұл жерде студенттің басқалардың пікіріне бағынуға бейім екендігін көруге болады. Студенттің айналасындағы адамдардың ойына тәуелді екенін, басқалардың көңілінен шығуға тырысатын, өзінің репутациясына көп мән беретінін көреміз. Бірақ бұл жерде студенттің басқалардың көзқарасына тәуелділігі оң әсерін тигізіп отыр. Сонымен қатар мұны өзгелердің көңілінен шығуға соқыр тәуелділік емес, өзінің бойындағы тұлғалық қасиетінде қанық боялған ұятшылдығы деп тұжырымдауға да болады.

Қорытынды. Зерттеу қорытындысы бойынша, автор тұлғаға студенттік ортаның әсері оның жеке мінез-құлқы, темпераменті мен “мен” концепциясына тікелей байланысты деген тұжырымға келді. Кейбір тұлғаларға әсері айтарлықтай үлкен, ал кейбір студенттер бойынан бұл өзгерістер онша байқала бермейді. Алайда әлеуметтік топ оң жағынан болсын, теріс жағынан болсын адамға әсер етпей қоймайтыны анық. Мектеп жасында ата-анасының бағдарымен жүрген бала, өз бетімен сүруді тек теориялық тұрғыда біледі [7.55 бет]. Ал студенттік кезең басталғанда, басқа студенттермен арақатынасқа түсіп,

теориялық білімдерін практикада іске асырады. Сауалнама қорытындысы бойынша өзбеттілікке үйренуіне адамның мінез-құлқынан басқа, сыртқы факторлар да үлкен әсер ететіні көрінді. Мәселен, ерік жігері күшті болғанымен, студент ата-анасының қамқорлығында болғандықтан, еркін сынай алмайды, қиыншылықтарға тап болғанда өзі жеңуге тырыспайды, сырттан көмек іздейді. Сондықтан өзбеттілік қасиеті ата-анасының қолында тұратындардан гөрі жатақханада тұратындарда көбірек дамыған. Сонымен қатар зерттеу нәтижесіне әлеуметтік салыстыру сай келеді. Әлеуметтік салыстыру - өзінді басқалармен салыстыру арқылы біреудің пікірі мен қабілетін бағалау.[8.258 бет]. Тұлға өзін тобындағы студенттермен салыстырып, өзінің “мен” концепциясына көңілі толмаса, оны өзгертуге тырысады. Студенттік орта - әлеуметтік топ болғандықтан, оның мүшесі, яғни студент өзін сол топпен өзара байланысын сезініп, топтың қабылдауы мен мақұлдауына мұқтаж болады [9.648 бет]. Бұның соңы тұлғаны “конформизмге” жетелуі мүмкін. Конформизм – адамның қоғам ықпалының нәтижесінде мінезінің не сенімінің өзгеруі. Оның екі түрі болады. Қабылдау - адамның әлеуметтік топтың ықпалынан бір нәрсеге шынайы сеніп, құлақ асуы. Көну – адамдардың шешімін іштей мақұлдаса да, қоғаммен бірге әрекет етуі [10. 557бет]. Мысалы, қабылдау үрдісі бірінші сұхбаттасушының әрекетінен көрінеді. Оның белсенділер қатарына қосылуына қасындағы құрдастары ықпал етті.

Қорытындылай келе студенттік ортаның адам өміріндегі ықпалы ерекше рөл атқаратыны дәлелденді. Студенттік ортада тұлға мінез-құлқын жетілдіріп, әртүрлі тұлғалармен қарым-қатынасқа түскенде, өз мінезін икемдеуді, алдына қойылған мақсатқа жету үшін жоспар құрып, берілген ресурстарды (уақыт, ақша, мүмкіндік және сол сияқты) тиімді пайдалануды, өз мүмкіндіктеріне қарай рационалды шешім қабылдауды, өміріндегі қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтарды өз бетімен шешуді үйренеді. Университет - әртүрлі тұлғалармен қарым-қатынас құрып, өз көзқарасыңды қорғай білуді, топпен жұмыс істеуді меңгеретін әлеуметтік орта. Сондықтан тұлға ретінде, ересек адам ретінде қалыптасуында, тұлғалық өзгеруде студенттік ортаның маңызы зор.

Сауалнама	1-курс тобы	2-курс тобы
1	2	3
Ер адам саны	12	19
Әйел адам саны	8	5
Белсенділер қатарына қосылғандар	45%	5%
Мектеп кезінде белсенді болмағандар	35%	75%
1	2	3
Киім стилі өзгермегендер	35%	40%
Киім стилі өзгергендер	65%	60%
Көзқарасы өзгергендер	50%	70%
Сырт келбетіне көбірек мән бере бастағандар	60%	40%
Жатақханада тұратындар	40%	60%
Пәтерде тұратындар	0%	10%
Ата-анасымен тұратындар	60%	30%
Өзін-өзі бағалауы өскендер	35%	35%
Өзін-өзі бағалауы түсіп кеткендер	20%	0%
Өзін-өзі бағалауы өзгермегендер	45%	65%

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аронсон Эллиот. “Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе”, 11-басылым. -Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2018ж.-408 бет.

2. Amabile, T. M., Schatzel, E. A., Moneta, G. B., & Kramer, S. J. Leader behaviors and the work environment for creativity: Perceived leader support. *TheLeadershipQuarterly*, (2018). 5– 32.
3. Anderson et al., What works for you may not work for (Gen)Me: Limitations of present leadership theories for the new generation. 2017 *TheLeadershipQuarterly* ,pp. 245-260
4. Алимбекова А.А., Бакыт А.Ж., Киякбаева Ю.К., Сураншиева М.К. Развитие лидерства студентов университета в деятельности студенческого самоуправления. *Труды-Социальные и поведенческие науки*, 197 (2015), 2131-2136.
5. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М.: Наука, 1977. – 344 с.
6. Александровский Ю.А. Состояния психической дезадаптации и их компенсация. – М.: Изд-во Наука, 2017. – 271 с.
7. Аносов И.П., Приходько В.М., Приходько М.И. Социально-педагогические основы студенческого самоуправления как источник демократизации высшего образования (управленческий аспект). ООО «Издательский дом» ММД, г. Мелитополь, 2018 г, 78-81.
8. Грибович А., Кондур О., Мельник Ю. Актуализация лидерства как ключевой категории неэкономического сообщества: социокультурные и образовательные аспекты. *Вестник Прикарпатского национального университета имени Василия Стефаника*, 6 (1) (2019), 50-59.
9. Крашенко Ю.П. Особенности организации системы студенческого самоуправления. *Истоки педагогического мастерства. Серия: Педагогические науки*, 6 (2019), 255-262.
10. Майерс Д., Туенж Ж. “Әлеуметтік психология”. 12-басылым.- Алматы: “Ұлттық аударма бюросы”, 2018 ж.-648 бет.
11. Нортхаус Питер. Көшбасшылық: теория және практика – Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2020 жыл. – 560 бет.
12. Потопа К.Л. Социально-педагогические условия организации студенческого самоуправления в высших учебных заведениях. Авторская исх. дис. для науки. звание кандидата пед. наука. Киев, 2016 г, 310-311.
13. Роббинс Стивен, Джадж Тимати. “Ұйымдық мінез-құлық негіздері”. 14-басылым. Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2017 жыл.-560 бет.

РЕЗЮМЕ

Основное внимание в статье уделяется социальной психологии. В статье рассматривается, какие изменения личности претерпевает человек при переходе из одной социальной среды (школы) в другую (университет). Наряду с адаптацией человека в студенческой среде у него вырабатываются необходимые качества, анализируется его отношение к себе и процесс самооценки через социальное сравнение.

RESUME

The focus of the article is on social psychology. The article discusses what personality changes a person undergoes when moving from one social environment (school) to another (university). Along with the adaptation of a person in a student environment, he develops the necessary qualities, analyzes his attitude towards himself and the process of self-esteem through social comparison.

ӘОЖ: 37.043:159.9

Білім алушы: Құбашев Н.Т., Жұмабай А.Т., студент

Ғылыми жетекші: Молдағалиева М.С., оқытушы, магистр